

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-111- () 37 беттің 1 беті
Дәріс кешені «Фармацевтикалық ботаника»	

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Фармацевтикалық ботаника

Пән коды: FB 1201

ББ атауы және шифры: 6B10106 «Фармация»

Оқу сағаты/кредит қолемі: 150 (V кредитта)

Оқу курсы мен семестрі: 1 курс, 2 семестр

Дәріс қолемі: 15 сағат

Шымкент, 2024

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 2 беті

Дәріс кешені « Фармацевтикалық ботаника» пәнінің жұмыс оку бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 16 «28» 06 2024 ж.

Каф.менг., проф.м.а.



Орынбасарова К.К.

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Онтыстик Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 3 беті

№ 1 ДӘРІС

1. Тақырыбы: Өсімдік-тірі ағза.

2. Мақсаты: Білім алушытерге өсімдік жасушаларының құрылышын, өсімдіктер мен жануарлардың жасушаларының жалпы айырмашылық белгілерін, өсімдік жасушасының органоидтарының құрылышы мен қызметін түсіндіру және «Өсімдік жасушасы» бөлімі бойынша тәжірибелік және теориялық мәнгерудің деңгейін көтеру.

3. Дәріс тезистері:

1. Кіріспе. Жасуша жөніндегі ілім.
2. Өсімдік жасушаларының қызметі мен қасиеті.
3. Қор заты және оның түрлери. Эргастикалық және кірме заттар.
4. Өсімдік жасушасының жануарлар жасушасынан ерекшелігі.
5. Микроскоп. Маңызы және құрылышы.

Ботаника (грек сөзі «ботанә» – өсімдік, шөп) өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым, биология ғылымының бір саласы. Ботаника ғылымының негізгі мақсаты: жер жүзінде өсетін өсімдіктерді жан-жақты зерттеу, олардың құрылышы мен тіршілік процесіндегі заңдылықтарын ашу, өзара байланысы мен қарым-қатынасын және орта бірлігін танып-білу.

Ботаника – фармацевт мамандықтарын дайындау үшін қажетті пән. Өсімдіктердің түрлі препараттар алу үшін қолданылатын шикізат ретінде медициналық тәжірибеде үлкен маңызы бар. Фармацевтердің дәрілік өсімдік шикізаттары мен оларды талдауды жақсы мәнгеруі үшін оларға өсімдіктің жасушасында спецификалық тіршілік процесстері жүретіні және де оларды сыртқы және ішкі құрылышының дамуы өзара байланысқан бүтін ағза ретінде қарастыру туралы түсінік берілуі қажет.

Жасуша туралы ілім – цитология (грек сөзі «цитос» – сыйымдылық және «логос» - оқу). Алғашқы рет жасушаны бузинаның жабындық ұлпасындағы тозды зерттеу барысында ағылшын жаратылыс зерттеушісі Р. Гук көрген. Ол 1609 ж. Г. Галилей ойлап тапқан микроскопты жетілдіріп, оны өсімдіктердің органдарының жұқа кесінділерін зерттеуге пайдаланған. Өзінің зерттеулерінің нәтижесін Р. Гук 1965 ж. жарық көрген «Микрография» деген шығармасында толық баяндаған және осы еңбегінде ол алғашқы рет «жасуша» деген ұғымды қолданған. Өсімдіктер түрлери жасуша құрылышына қарай: бір жасушалы, жасушаланбаған, колониялы, көп жасушалы болып төрт топқа бөлінеді.

Өсімдік жасушаларының құрылышы оның негізгі бөлімі – протопласт және жасушаның басқа бөлімдері болып қарастырылады. Протопласт дегеніміз - өсімдік жасушаларында оның тіршілік процестерін (зат алмасу, қимыл, тітіркену, көбею, тұқым қуалауы т.б.) туғызатын негізгі бөлімі. Протопластқа жататындар: протоплазма, ядро, пластидтер, хондрисома-митохондрий, рибосома, лизосома, Гольджи аппараты және т.б. Жасушаның бүл бөліктері органелла немесе органоидтар делінеді.

Протоплазма – жасушаның белгілі химиялық құрамы бар, әр қылы консистенцияда (сүйкілтім, қоймалжың, қатыңқы) болатын, меншікті салмағы 1,025-1,050 келетін тірі зат. Протоплазма үш қабаттан тұрады: плазмолемма, тонопласт, мезоплазма. Жасуша қабықшасының ішкі бетін астарлап, оған өңезденіп жұғып жатқан протоплазманың қоймалжың және мөлдір келген қабаты плазмолемма (алғашқы қалта) делінеді. Жасушадағы вакуоляның айналасын қоршап жатқан протоплазманың қабаты тонопласт делінеді. Мұның қасиеттері де плазмолемма тәрізді болады. Плазмолемма мен тонопластиң аралығындағы органелланың барлық түрі бірдей кездесетін протоплазманың негізгі қалың қабаты мезоплазма делінеді.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 4 беті

5. Әдебиет:

негізі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero", 2017. - 156 p
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 p.

қосымша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбожовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.К., Патсаев Ә.К., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. Жасуша теориясы және оның маңызы
2. Цитологиядағы зерттеу тәсілдері
3. Өсімдіктер мен жануарлардың жасушаларының жалпы айырмашылық белгілері.
4. Протопласт және оның құрылымдық беліктері
5. Цитоплазманың органеллалары. Олардың құрылышы мен атқаратын қызметі.

№ 2 ДӘРІС

1. Тақырыбы: Өсімдік ұлпалары және оның түрлері

2. Мақсаты: Өсімдіктердің түзуші, негізгі, жабындық ұлпалар механикалық ұлпалар заңдылығын және олардың шығу тегі мен дамуын оқып үйрену. Алынған білімдерді

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 5 беті

тәжірибеде қолданып, дағдылармен бекіту.

3. Дәріс тезистері:

1. Ұлпаның жіктелуі, құрылышы, функциясы.
2. Тіректік (арқаулық) ұлпаның жіктелуі, құрылышы, функциясы. Өсімдіктерде орналасуы.
3. Бөліп шығарушы және өткізгіш ұлпаның жіктелуі, құрылышы, функциясы. Өсімдіктерде орналасуы. Өткізгіш шоқтар
4. Жабындық, тұзуші, негізгі ұлпаның жіктелуі, құрылышы, функциясы. Өсімдіктерде орналасуы

Ұлпа дегеніміз – анатомиялық құрылышы жағынан біркелкі, морфологиялық түрғыдан бір тектес және атқаратын қызметі бір біткей болатын жасушалар тобы. Өсімдік ұлпаларын негізінен алты топқа бөледі: меристемалық (тұзуші), жабындық, негізгі, арқаулық (механикалық), өткізгіш және бөліп шығарушы ұлпалар.

Өсімдік мүшелерінің, ұлпаларының негізгі жасушаларын түзетін, сонымен қатар толықтыратын жасушалардың тобын **тұзуші ұлпа немесе меристема** деп атайды. Тұзуші ұлпалар өзінің жасына, атқаратын қызметіне қарай екі түрлі болады, олар алғашқы және соңғы тұзуші ұлпалар.

Алғашқы және соңғы меристема. Алғашқы меристема өскіннің, ұрықтың жасушаларынан дами бастаған кезінен пайда болады. Соңғы меристема, әдетте алғашқы меристемадан кейін тұрақталған ұлпалардан пайда болады.

Өсімдік сабағы мен тамырының қай жеріне орналасуына қарай меристемаларды төрт топқа бөледі: төбелік (апикальдық) меристема, бүйірлік (латеральды) меристема, қыстырымалы (интеркалярлық) меристема және закымдық (травматикалық) меристема.

Негізгі ұлпалар. Өсімдіктің әртүрлі мүшелерінің негізгі бөлігін құрайтын ұлпаларды негізгі ұлпалар деп атайды. Сонымен бірге, оларды орындаушы паренхима, негізгі паренхима немесе жай паренхима деп те атайды. Негізгі ұлпалар жасуша қабықшалары жұқа болып келетін тірі паренхималық жасушалардан тұралы. Паренхималық жасушалар әртүрлі қызмет атқарпады. Оларда фотосинтез процесі жүреді, артық қор заттары жиналады, әртүрлі заттарды бойына сініреді.

Жабындық ұлпалар. Өсімдік мүшелерінің сыртын қаптап тұратын астында орналасқан жас, нәзік жасушаларды, табиғаттың әр қылышынан қорғайтын жасушалар тобын жабындық ұлпа деп атайды. Жабындық ұлпалар өсімдік мүшелерінің жасына, пайда болу жолына қарай – алғашқы және соңғы жабындық ұлпа деп екіге бөлінеді.

Алғашқы жабындық ұлпалар өсімдіктің негізгі жас мүшелерінің сыртын қаптап жатады да, өзінің астында орналасқан нәзік жасушалы мүшелері сыртқы ортаның түрліше әсерінен қорғап тұрады. Алғашқы жабындық ұлпалар өсімдіктің алғашқы жасаушы ұлпаларының бірі – дерматогеннен (протодермадан, яғни туникадан) пайда болады. Бұлардың ішіндегі сабак бой конусының дерматогеннен болған түрін – эпидермис (өң), ал тамырдікінен пайда болған түрін – эпидлема дейді. Шығу тегіне байланысты жабындық ұлпаларды үш топқа бөлуге болады: эпидермаға, қабыққа, қыртысқа.

Эпидерма. Протодермадан пайда болатын алғашқы жабын ұлпасы. Олар жапырақты және жас сабактарды жауып тұрады. Көп жағдайда эпидерма бір қабат тірі, тығыз орналасқан, хлорофилдері жоқ жасушалардан тұрады.

Перидерма (пробка). Эпидермистің жасушалары сабактың жуандап өсуінің нәтижесінде өзгеріске ұшырап өледі. Осы кезде соңғы жабын ұлпасы перидерма пайда болады. Оның пайда болуы соңғы меристема тоздық камбийдің (феллогеннің) жұмысына байланысты.

Қыртыс (корка немесе ритидом). Ағаштар мен бұталардың қабықтары сабактың жуандап өсуінің нәтижесінде 2-3 жылдан соң жыртылады, ал оны тоз қабаты алмастырады.

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 6 беті

Бөліп шығаруышы ұлпалар. Зат алмасу процестерінің нәтижесінде пайда болған заттарға арналған өсімдікте өзінше арнаулы орындар болады. Оларды бөліп шығаруышы ұлпалар деп атайды. Бұлар өсімдік мүшелерінің ішінде де және сыртында да кездесуі мүмкін. Орналасқан орнына, физиологиялық мәніне, пайда болу тәсіліне қарай бөліп шығаруышы ұлпалардың мынадай түрлері болады: лизогендік бөліп шығаруышы ұлпа, схизогендік бөліп шығаруышы ұлпа, бездеуіт жасушалар және гидатодтар.

1. Лизогендік бөліп шығаруышы ұлпа. Бұл өсімдік мүшелерінің ішінде орналасқан бір топ жасушаның еріп кетуі нәтижесінде пайда болады. Жасуша қабықшасы ерімestен бұрын, ондағы эфир майының ұсақ тамшылары өз ара қосылады да, жасуша ортасына шоғырланады. Осы сияқты тобымен жатқан сол арадағы жасушалардың бәрінің де қабықшасы еріп, олардағы шоғырланған эфир майының тамшылары өз ара қосылып кетеді.
2. Схизогендік бөліп шығаруышы ұлпа - көршілес жатқан жасушалардың өз ара бір-біріне ажырасу нәтижесінде пайда болады. Мұны кейде шығатын заттар орны деп атайды.

Өсімдіктің барлық мүшелеріне қоректік заттарды жеткізуге икемделген жасушалар тобын **өткізгіш ұлпа** деп атайды. Өткізгіш ұлпа жасушаларының іші қуыс, цилиндр, яғни тұтікше тәрізді болады. Өткізгіш ұлпалар жоғары ағыс және төмен ағыс жолдары деп екіге бөлінеді.

Жоғары ағыс жолы. Құрылышы құрделі өсімдіктердің тамырынан басталып, оның өркендеріне дейін барады. Жоғары ағыстың өтетін жолы өсімдік мүшелерінің ксилема немесе сүрек деп аталатын бөлімі. Ксилемаға жататындардың ішіндегі негізгі бөлімінің бірі – тамыр түгінің қабылдаған сұзы мен ондағы еріген минерал тұздары және органикалық заттардың кейбір түрлерін өркендерге жеткізіп тұратын тұтікше-сосуд тәрізді жасушалар. Бұлар жасушалардың бірте-бірте дамуынан пайда болады. Жоғары ағыс жолының тұтікшелерін трахея және трахеида деп екіге бөледі.

Төмен ағыс жолы. Төмен ағыс жолы өсімдік жапырақтарынан басталып оның қалған мүшелерінің барлығына таралады. Төмен ағыс жолының негізгі элементі – сұзгілі тұтік – арқылы жапырақта пайда болған органикалық зат ерітінділері өсімдіктің бүкіл мүшелеріне тарайды, оны қоректендіреді, ал одан артығы өсімдіктің кейбір мүшелеріндегі арнаулы жасушаларға қорға жиналады. Төмен ағыс жолының элементтері – сұзгілі тұтік пен оның серіктері деп аталатын жанама жасушалар - өсімдіктің тамыры мен сабағының қабық жағындағы флоэма деп аталатын бөлімінде орналасады.

Жоғары сатыдағы өсімдіктердің негізі мүшелерінде кездесетін механикалық және өткізгіш ұлпалардың элементтері қосылып, шоғырланып жатқан жерін сосуд- талшық шоғы дейді.

Сосуд-талшық шоқтары негізінен екі бөлімнен: флоэма және ксилемадан тұрады. Флоэмаға, яғни тін бөліміне жататындар – сұзгілі тұтіктер мен олардың серіктері, тін талшықтары және тін паренхималары. Ксилемаға, яғни сүрек бөліміне жататын элементтер – трахея, трахеида, сүрек талшықтары (либриформ) мен сүрек паренхималары.

Негізгі элементтерінің орналасуына қарай сосуд-талшық шоқтары коллатеральды, биколлатеральды, радиальды және концентрлі болып бөлінеді.

Коллатеральды сосуд-талшық шоғын қысқартып тек коллатеральды шоқ дейді. Бұл – флоэма мен ксилеманың элементтері бір-бір бүйірімен өзара тиісе жататын шоқ. Ол ашық және түйік деп тағы да екіге бөлінеді. Түйік коллатералды шоқ көбінесе дара жарнақты өсімдіктерге тән. Ашық коллатералды шоқ қос жарнақты көп жылдық өсімдіктерге тән.

Биколлатералды шоқ. Биколлатералды шоқтың жалпы құрылышы ашық коллатералды шоқ сияқты болады. Бірақ одан айырмашылығы биколлатералды шоқта екі топ флоэма бөлімі болады да, оның бірі ксилеманың - өзек жақтағы, екіншісі қабық жақтағы бүйіріне орналасқан. Соңдықтан мұны кейде қос бүйірлі шоқ деп те атайды.

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 7 беті

Радиальді немесе сәулелі шоқ өзіндегі болатын өткізгіш ұлпа элементтерінің жатысына қарай осылай аталған. Бұның құрамындағы ксилема элементтері (трахея мен трахеид) сәулеленіп радиус бойлап орналасады.

Концентрлі шоқ. Өсімдік сабағының флоэма бөлімі ксилемасын немесе ксилема бөлімі флоэмасын қоршай орналасқан сосуд-талишық шоқтарының бір түрі концентрлі шоқ делинеді.

Механикалық ұлпа. Өсімдіктердің негізгі мүшелерінің таянышы болып, оған мықтылық, беріктік қасиет беретін жасушалар тобы механикалық ұлпа деп аталады. Жасушаның пішіндеріне, химиялық құрамына және қабықшаларының қалыңдауы мен өзгеру жолдарына қарай механикалық ұлпалар – колленхима, склеренхима және склереида болып үшке бөлінеді.

Колленхима – жасушалары тірі - өсу қабілетін жоймаған, өсімдік эпидермисінің астында болатын механикалық ұлпалардың алғашқы түрі. Екінші сөзben айтқанда, колленхима – алғашқы механикалық ұлпа. Ол өсімдіктердің өсіп келе жатқан жас мүшелерін берік етеді. Колленхима жасушалары бір-біріне тығыз орналасқан, жасушааралық құystары болмайды, жасушалары тірі, протоплазмасында хлорофилл дәндере де кездеседі, яғни қоректік ұлпаның да, механикалық ұлпаның да қызметін атқарады.

Склеренхима өсімдікте болатын механикалық ұлпалардың ең негізгі түрі. Склеренхима ұлпасы орналасқан жеріне қарай тін талишығы және сүрек талишығы болып екіге бөлінеді. **Склереида.** Жоғары сатыдағы өсімдіктердің кейбір мүшелерінде кездесетін, жасуша қабықшасы біркелкі қалыңдайтын, тек паренхимадан құралған механикалық ұлпаның бір түрін склереида деп атайды.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізі:

- Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
- Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
- Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
- Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 р
- Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 р.

қосымша:

- Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
- Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
- Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

- Зайчикова, С. Г. Ботаника [Электронный ресурс]:окулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Ботаника: руководство к практическим занятиям [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 8 беті

3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [Электронный ресурс]: окулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбжовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Ұлпа және оның топтары
2. Алғашқы меристема мен соңғы меристеманың айырмашылығы.
3. Негізгі ұлпаның жасушалар типі және оның қызметі
4. Бөліп шығарушы ұлпаның типтері және оның қызметі
5. Эндогендік және экзогендік ұлпалар.

№ 3 ДӘРІС

1. Тақырыбы: Өсімдіктің вегетативті мүшелері:тамыр.

2. Мақсаты: Біржарнақты және қосжарнақты өсімдіктердің құрылышын, тамырлы жүйелерді, вегетативті жүйелердің құрылышындағы негізгі заңдылықтарды оқып үйрену. Тамырдың морфологиясын, анатомиясын және физиологиясын оқып үйрену. Алынған білімді тәжірибелік істе қолданумен катар біріктіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Тамырдың морфологиясы
2. Тамырдың анатомиясы және физиологиясы.
3. Тамыр жүйесінің типтері.
4. Тамырдың түрөзгерістері.

Тамыр жоғары сатыдағы өсімдік денесінде түпкілікті кездесетін вегетативтік мүшелердің бірі. Тамырдың негізгі қызметі - өсімдік денесін топырақта ұстап тұру және одан коректік заттардың ерітінділерін қабылдау. Сонымен қатар тамырда кейір органикалық заттар да синтезделеді, қоректік заттардың қоры да жиналады, ол тыныс алу қызметін де атқарады, тамырда фотосинтез процесі де жүруи мүмкін.

Тамырдың сыртқы құрылышы оның морфологиясына жатады. Құрылышы күрделі өсімдіктерде тамырдың үш түрі – негізгі тамыр, жанама тамыр және қосалқы тамыр – кездеседі.

Тамыр аймақтары. Жас тамырдың морфологиялық және анатомиялық түзілісі бірдей болмайды. Бірақ сыртқы ішкі құрылыштары жағынан өзара айырмашылықтары болады. Осы тұрғыдан алғашқы жас тамыр үш аймаққа – мөлдір аймағы, сору аймағы және қоңырқай аймаққа – бөлінеді. Тамырдың бой конусынан бастап оның түктенген бөліміне дейінгі аралықты мөлдір аймақ деп атайды. Жас тамырдың түктеніп тұрған бөлімін сору аймағы дейді. Осы түктері арқылы тамыр айналасындағы топырақтан суды және онда еріп жүрген минерал тұздарды өзіне қарай сорып алады. Тамыр түктерінен кейінгі сабаққа қарай орналасқан тамыр деңгейі қоңырқай аймақ деп аталады. Бұлай аталау себебі – тамыр түгі мен эпидемия түлеп түскеннен кейін пайда болған қабаттың түсі, тамырдың үш жағына қарағанда, суберин сіңгендіктен қоңырлау келеді. Қоңырқай аймақтың бұл қабатын экзодерма деп атайды.

ОНДҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 9 беті

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізі:

- Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
- Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
- Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
- Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 p
- Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 p.

қосымша:

- Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
- Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
- Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

- Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:окулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: окулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
- Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбожовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
- Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
- Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
- Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

- Шығу тегі, формасы, экологиясы жағынан қандай тамырлар болады?
- Тамыр жүйесі дегеніміз не? Шығу тегі және формасы жағынан тамыр жүйесінің қандай типтері бар?
- Тамыр қандай зоналардан тұрады? Олардың әрқайсысының құрылышы мен атқаратын қызметтері қандай?
- Тамырдың зоналары. Әрқайсысының функциясы. Тамыр оймақшасы деген не?

№4 ДӘРІС

- Тақырыбы:** Өсімдіктің вегетативті мүшелері:сабақ, өркен.
- Мақсаты:** Біржарнақты және қосжарнақты өсімдіктердің құрылышын, өркенді жүйелерді,

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 10 беті

вегетативті жүйелердің құрылышындағы негізгі заңдылықтарды оқып үйрену. Тамырдың және сабақтың морфологиясын, анатомиясын және физиологиясын оқып үйрену. Алынған білімді тәжірибелік істе қолданумен қатар біріктіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Сабақтың морфологиясы.
2. Сабақтың анатомиясы және физиологиясы.
3. Өркендер жүйесі.
4. Өркен құрылышының типтері.
5. Өркеннің түрөзгерісі

Сабақ – жоғары сатыдағы өсімдіктердің негізгі вегетативтік мүшелерінің бірі. Ол өсімдіктің денесін жоғары көтеріп тұру, тамырдың топырақтан қабылдаған сұы мен минерал тұздарды жапыраққа қарай, ал жапырақта пайда болған органикалық заттардың ерітінділерін тамырға қарай өткізіп отыру қызметтерін атқарады, сол сияқты түрлі өркендер, гүл және гүл шоғырларын шығарады, өсімдіктің тіршілігіне қажетті қор заттарын жинайды.

Сабақтың сыртқы құрылышы мен пішіні оның морфологиясына жатады. Өсімдік сабактары кеңістікте орналасуына қарай әр қылы болады: бірі – тік өседі, екіншісі жерден көтерінкі келеді, үшіншісі сабағы жерге төселе жатады, төртіншісі бір топ өсімдік сабактары шырмалып өседі, бесіншілерінің сабактары бір нәрсеге өрмелеп өседі және бір топ өсімдік сабактары өте қысқа болып, тырыбып өседі.

Өсімдік сабактарының пішіні. Өсімдік сабағының пішіні оның көлденең қимасына және сыртқы құрылышына қарай – жұмыр сабақ, көп қырлы сабақ, төрт қырлы сабақ, уш қырлы сабақ, қос қырлы сабақ болып ажыратылады.

Өсімдік сабактарының жұмсақ-қаттылығын, жуан-жіңішкелігін жұқалық-етженділігін, борпылдақ-шымырлығын, мықтылық-мортығын, тармақты-тармақсыздығын, бітеу-куыстығын сабақтың консистенциясы деп айтамыз. Өсімдіктердің сабактары осы жағынан қарағанда шөптесін және сүректі болып екіге бөлінеді. Шөптесін сабактар деп, жер бетіндегі сабағы онша сүректенбейтін және вегетациялық дәүірінің соңында жемісінен (тұқымынан) басқа мүшелері курап қалатын өсімдіктер сабактарын айтады. Шөптесін өсімдіктер сабағының жасына қарай аз жылдық, көп жылдық болып екіге бөлінеді және өзек құрылышына қарай қысқа өзекті, жұмсақ өзекті және шымыр (бітеу) өзекті болып та келеді.

Сүректі өсімдіктер сабағы деп сабақтың ксилема бөлімі жасушаларының қабықшасына лигнин сініп, қатайған өсімдіктер сабағын айтамыз. Сүректі өсімдіктер сабактары сыртқы құрылышына қарай ағаштар және бұталар деп екіге бөлінеді.

Сабақтың қызметі. Өсімдіктер сабағының қызметі, олардың түрлеріне қарай жан-жақты келеді. Негізінен барлық өсімдік сабактарына тән қасиет - өз бойымен қоректік заттарды бір мүшеден екінші мүшеге қарай өткізіп отыруы, жер бетіндегі мүшелерін ауда ұстап тұруы, өз бойына қоректік заттар қорын жинауы және тыныс процесіне қатысуы т.б.

Бүршіктің түрлері. Бүршіктер орналасуына қарай **тәбе бүршік** және **қолтық бүршік** деп бөлінеді. Тәбе бүршік ұрықта қалыптасады, одан болашақта өркеннің барлық мүшелері түзіледі. Тәбе бүршікten өсімдік ұзарып өседі (2-сурет). Қолтық бүршік (жанама бүршік деп те атайды) жапырақ қолтығында орналасады. Өсімдік түріне қарай бір жапырақтың қолтығында бір немесе бірнеше бүршіктер (сарымсақ, қарабұлдірген) болады. Қолтық бүршікten жан-жаққа бұтақтар өсіп тарапады. Бүршіктің және бір түрі **қосалқы бүршік** деп аталады. Қосалқы бүршіктердің ерекшелігі олар өсімдіктің кез келген жерінен тамырдан, тамырсабактан, сабактан, жапырақтан дамиды. Мысалы, қалуеннің (осот) тамырынан жер бетіне қаулап өсетін атпалар (тамыр атпасы), кескен ағаштың томарының айналасына өсетін шыбықтар және т.б. Көптеген өсімдіктердің жапырактарында дамитын

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 11 беті

косалқы бүршіктер әсіресе бөлме өсімдіктерде анық байқалады. Мысалы, бриофиллюм (каланхое) жапырақ тақталарының жиегінде қаз-қатар тізіліп қосалқы бүршіктер шығады. Ол бүршіктердің әрқайсысы жапырақтан ажырап түсіп, өзінше жас өркендердің бастамасын береді. Көпжылдық өсімдіктерде ұсақтау қолтық бүршіктер мен қосалқы бүршіктер ашылмай тыныштық күйге ауысады. Ол **бұйыққан бүршік** делінеді. Бұйыққан бүршіктер тіршілік қабілетін ұзақ уақыт сақтап, ете бағу өседі. Бұйыққан бүршіктер гүлшетен, ұшқат, сары қараған, ырғай, тобылғы бұталарынан басқа көп жылдық шөптесін өсімдіктерде де болады. Әсіресе бұталардың түптенуі осы бүршікке байланысты. Ағаштардың закымдануы, басқа бүршіктердің өсуі баяулаған кезде бұйыққан бүршіктер дереу белсенді өсе бастайды. Оған ағаш дінінің кесілген бұтақтары мен кесілген ағаш түбінен өскен өркендер мысал болады.

Бүршіктің ішкі құрылышы. Көктемде кез келген ағаштың бүршігін дәл ортасынан ұзындықтан тендей 2-ге бөліп, ұлғайтқыш әйнекпен (лупа) қараймыз. Бүршіктің сыртын қалың, тығыз қабыршақтар қаптайтын. Қабыршақтың саны өсімдік түріне қарай 1, 2, 3 және одан да көп болады. Қабыршақ – түрі өзгерген сыртқы жапырақтар. Қабыршақтар құрғақ, жабысқақ, шырышты, тұкті, қоңыр, қызғылт, сарғылт түсті болады. Қабыршақтарының түкті, жабысқақ болуы су булануын азайтып, үсіден, құстардың шоқып, закымдауынан қорғайды. Әдетте бүршіктердің пішіндері мен қабыршақтарының ерекшеліктеріне қарап, өсімдік түрлерін оңай ажыратуға болады.

Бальзамды теректің бүршік қабыршақтары өзінен бальзам бөлетеңдіктен жылтыр, өткір иісті. Қолмен ұстағанда саусаққа желім сияқты жабысады. Сыртында қабыршағы болмайтын ашық бүршікті өсімдіктерге морт сынғыш итшомырт жатады.

Ашық (қабыршағы жоқ) бүршіктердің сыртын бөбешік жапырақтар, жапырақ қынабы жауып тұрады. Бүршіктің ішкі жағында дәл ортасынан біркелкі тығыз ақшыл-сары түсті бастапқы сабакты қөреміз. оның жан-жағынан бастапқы жапырақшалар қөрініп тұрады. Бастапқы сабактың ұшы өсу нұктесімен біtedі (2-сурет).

Бүршік көктемде өсімдіктің тамырында, сабағында жиналған коректік заттар қорымен коректеніп, ісінеді. Сыртындағы қалың қабыршақтары түсіп, ашылады. Қабыршақтың үзіліп түсken жерінде сақина тәрізді дөңгелек із қалады. Сол ізден бастап өлшегендеге өркеннің бір жылда қанша мөлшерде өскені анықталады. Әдетте ең ірі тәбе бүршіктері мен жанама бүршіктер ғана ашылып, өркен дамиды.

Барлық гүлді өсімдіктерде өркеннің түріне қарай 2 түрлі бүршік болады: өсу бүршігі және гүл бүршігі. **Өсу бүршігі** тек ұзарған өркенде ғана орналасады. Одан ұзарған өркен мен жапырақ өсіп шығады. **Гүл бүршігі** тек қысқарған өркенге орналасады. Ұзындықтан жарып қарағанда бастама сабактың жан-жағына гүлшанақтар (ашылмаған гүлдер) бекиді. Гүлшанақ гүл шығарып, жеміс береді. Бірі – өсу, екіншісі – көбею бүршігі. Бүршік бастама сабактан, бастама жапырақтан тұратындықтан, өркен дамиды.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero", 2017. - 156 p
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 p.

қосымша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и

ОНДҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 12 беті

доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.

2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.

3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбжова Д.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/tu/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

Бақылау сұрақтары:

1. Өркеннің метамериясы
2. Өркеннің түрөзгерісі
3. Өркеннің жерасты және жерүсті өзгерістері
4. Бүршік және оның түрлері
5. Сабактың алғашқы анатомиялық құрылышы.

№ 5 ДӘРІС

1. **Тақырыбы:** Жапырақтың анатомиялық морфологиялық құрылышы

2. **Мақсаты:** Жапырақтың морфологиясын және физиологиясын оқып үйрену. Алынған білімді тәжірибелі істе қолданумен қатар біріктіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Жапырақтың морфологиясы.
2. Төменгі, ортаңғы, жоғарғы жапырақтар.
3. Жай және күрделі жапырақтар.
4. Жапырақтың түрөзгерістері.
5. Жапырақтың анатомиясы.
6. Борпылдақ және бағаналы жасушалар.
7. Жасушаның анатомиялық құрылышындағы түрөзгерістер.

Жапырақ – жоғарғы сатыдағы өсімдіктер денесіндегі фотосинтез, тыныс және транспирация қызметін атқаратын өте маңызды вегетативтік мүшелердің бірі. Жапырақтың морфологиясымен танысу үшін, оның сыртқы құрылышына толығырақ көніл бөлінеді,

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 13 беті

жапырақтың ең негізгі бөлімі – жапырақ тақтасы. Оның негізгі бөлімдеріне, тақта пішіндеріне, олардың қалай өзгеріп отыруына, жүйкеленуіне, жапырақ тақтасының сабаққа орналасуына, аналогиялық және гомологиялық түрлеріне көбірек көніл бөлінеді.

Жапырақтың негізгі бөлімдері, қандай жапырақтарды алсақ та өсімдіктің бой конусына орналасқан алғашқы меристема жасушаларына экзогендік жолмен пайда болады. Өркеннің бой конусында эмбрионалдық жасушалар қабатының ең сыртындағысы – дерматоген немесе туника деп аталады. Осы дерматогеннің бет жағынан біртіндеп төмпешіктер пайда болады және мұнан перимордиалдық жапырақ немесе бастапқы жапырақ шығады. Бастапқы жапырақтың төбесі және түбі деп аталатын екі бөлім болады.

Осындай жапырақтардың пайдаланылуынан жапырақтардың құрылышы да әр түрлі болады. Көп өсімдіктің жапырағында тақтасымен бірге оның сағағы да болады, ондай жапырақтар сағақты жапырақтар деп (талда, қайында, теректе т.б.); ал сағағы болмайтын жапырақтарды сағақсыз жапырақ немесе қондырмалы жапырақ (бидай, жүгері, алоэ т.б.) деп атайды. Кейбір өсімдік жапырағында тақтасы негізгі сабақтың буын арналығын қаусыра орап жатады (арпа, бидай, жүгері), жапырақтардың мұндай түрін қыннатты жапырақ дейді. Ал кейбір өсімдікте көптеген қынапты жапырақтар бірінің сыртын бірі орап жатады да, олардың барлығы бірігіп, өсімдіктің сабағы тәрізді болып көрінеді. Мұндай қынап тұтіктерінен пайда болған «сабакты» жалған сабак деп атайды (ақ үқорғасын, лалагұл, банан т.б.). Көптеген өсімдіктің нағыз жапырағында түбінен қосалқы жапырақтары өсіп шығады. Кейбір өсімдік жапырақтарында тілше деген бөлімі болады. Ол – көбінесе астық түқымдас өсімдіктердің көпшилігіне тән. Тілше - жапырақ тақтасы мен қынаптың аралығынан өсіп шығады. Мұны қосалқы жапырақтың өз ара кіргіүнен пайда болған деп те есептейді тілшениң өсімдік денесінде қорғаныштық маңызы бар. Ол қынап тұтігінің ішіне жаңбыр суын, санырауқұлақ спораларын, шіріткіш микроорганизмдерді жібермейді, әрбір буын аралығында түбінде орналасқан меристема жасушаларын қорғайды, сол сияқты тілше өсіп шықкан жерден бастап дәнді дақылдардың жапырақ тақтасы сырт жағына қарай қайырылады да, күн нұрына тақтаның үстінгі бетін төсей жатады. Бұл фотосинтез процесіне қолайлы болады. Жапырақ тақтасынан кейінгі негізгі бөлімнің бірі сағақ. Жапырақ тақтасы өсімдік сабағымен сағақ арқылы жалғасады.

Жапырақ пішіндері. Барлық өсімдіктің жапырақтары жай және күрделі жапырақ болып көрінеді. **Жай жапырақтар** бой конусындағы примордиалдық төмпешіктен өсіп бір ғана сағақты немесе қынапты жапырақ тақтасы шықса, оны жай жапырақ дейді. Жапырақ тақталарын пішіндеріне қарай жіктелгенде мынадай түрлері болады: қылқан құрылышы ине тәрізді, таспа немесе айыл тәрізді, қандауыр немесе ланцет тәрізді, дөңгелек, сопақ, элипс тәрізді, жұмыртқа тәрізді, ромб тәрізді, стрелка тәрізді, бүйрек тәрізді, қалқан тәрізді жапырақтар. Осы сияқты жапырақтың басқа да түрлері кездеседі.

Күрделі жапырақтар. Бір жапырақтың негізгі сағағына бірнеше жеке тақташалар орналасып, бұлар өз алдына жеке-жеке түсіп отыратын болса, оларды күрделі жапырақ дейді. Күрделі жапырақтар өсімдік түріне қарай әр қылы болады: ұшқұлақты, салалы және т.б. жапырақтар.

Осу ортасының алуан түрлі факторларына байланысты күн нұрының қүшіне, сапасына, қоректік заттардың мөлшеріне, температураға, ылғалға байланысты өсімдіктің әрбір бұтақтарында немесе бір ғана бұтағында орналасқан (ортанғы категорияға жататын) жапырақ тақталарының түрліші пішінді болуы гетерофилия деп аталады.

Жапырақтың орналасуы. Өсімдіктің жапырақтары сабағынан белгілі тәртіппен орналасады. Жоғарғы сатыдағы өсімдік жапырақтары сабағына үш түрлі тәртіппен кездесіп, қарама-қарсы және шоктанып орналасады.

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 14 беті

Жапырақ мозайкасы. Өсімдіктегі жиі шыққан жапырақ тақталарының үстінгі беттері күн нұрын бір келкі төселе немесе мәнерлене жатуын жапырақ мозайкасы дейді.

Жоғары сатыдағы өсімдіктер жапырағының анатомиялық құрылымы негізгі үш бөліктен тұрады. Олар: 1) жапырақ тақтасын үстінгі және астынғы бет жағынан жауып тұратын жабындық ұлпа- эпидерма; 2) ассимиляциялаушы қоректік ұлпадан тұратын негізгі бөлігі- мезофилл ;3) мезофилл бөлігінде орналасқан өткізгіш шоктар. Жапрактың бұл анатомиялық құрылымына жапырақ формацияларына, өсімдіктердің жүйелілік топтарына және өсіп тұрған орта жағдайларының әсеріне байланысты азды- көпті өзгерістер болады.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 р
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 р.

қосынша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманжовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Жапырақтардың морфологиясы.
3. Жапырақтың жүйкеленуі

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Онтыстик Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 15 беті

4. Жапырақтың жіктелуі
5. Жапырақтың құрылышы

№ 6 Лекция

- 1. Тақырыбы:** Өсімдіктің генеративті мүшелері: гул, жеміс, тұқым
- 2. Мақсаты:** Гүлдің құрылышы, гүлдің формуласы және диаграммасы, гүлшоғырдың жіктелуі туралы оқып – үйрену. Жемістің және тұқымның жіктелуін ажыраты білу. Алған білімді іс-жүзінде қолдана алу.

3. Дәріс тезистері:

1. Гүлдің құрылышы.
2. Гүлдің формуласы және диаграммасы.
3. Гүлшоғырдың жіктелуі.
4. Жемістің құрылышы
5. Жемістің класификациясы
6. Тұқымның құрылышы
7. Тұқымның жіктелуі

Жабық тұқымдылар бөлімі осы кездегі өсімдіктер дүниесінің ішіндегі жақсы жетілгендерінің бірі. Оларда 300000- дай түр бар. Жабық тұқымды өсімдіктерде гүл көбею мүшесі болып табылады. Осы гүлдерде аталақтар мен аналықтар жетіледі. Аналықтың жатынында тұқым бүршіктепе орналасады.

Гүл бөлімдері – гүл сағағы, гүл табаны (тұғыры), тостағанша жапырақша, құлте жапырақша, аталақ пен аналықтан тұрады. **Гүл сағағы** – жапырақ сағағына ұқсаған гүлдің жінішкеген жері. Сағағы арқылы сабакқа бекінеді. Гүл сағағы болмаса, отырмалы гүлдер дейді (беде, қашқаргүл (астра). **Гүл табаны (тұғыры)** – гүлдің барлық бөлімдері бекінетін гүл сағағының жоғарғы жағындағы кеңейген жері. **Тостағанша** көбінесе жасыл тұсті, гүлдің сыртында бірікпеген жеке немесе біріккен жапырақшалардан тұрады. Тостағанша 2-ден (көкнәрда) бірнеше ондаған санға (шай өсімдігі) дейін жетеді. **Құлте** – тостағанша жапырақшалардан кейін орналасады. Құлте жапырақша лары бір-бірімен бірігіп кеткендерге: інжугүл, қоңыраугүл жатады. Бірікпей жеке орналасатын құлтелер: қызғалдақ, көкнәр, итмұрын. Құлте түбіндегі жінішкеген жерде тәтті шірне бөлөтін шірнеліктер орналасады. Құлтенің хош иісі, тәтті шірнесі, ашық рендері гүлді тозандандыратын бунақденелілерді еліктіреді.

Тостағанша жапырақша мен құлте жапырақшаны **гүл серігі** дейді. Гүл серігі жай және қос гүлсерікті деп бөлінеді. **Жай гүлсерікте** тек тостағанша жапырақшалары болып, құлте жапырақшалары болмайды (қалақай, қызылша, қымыздық, еменнің аталақ гүлдері, қарағаш гүлдері). Немесе керісінше, құлте жапырақшалары ғана болады (қызғалдақ, лалагүл, інжугүл).

Қос гүлсерікті гүлде тостағанша да, құлте де болады (алма, өрік, шие ағаштарының гүлдері). Гүл серігінің екеуі де болмайтындарды **гүлсеріксіз гүлдер** дейді (тал, шаган, терек, еменнің аналық гүлі). **Аталақ** – гүлдің көбеюге қатысатын бөлімі. Әрбір аталақ – аталақ жіппесінен және тозаңқаптан тұрады. Аталақтың жінішкеген жері – жіппесі. Тозаңқап бір-бірімен байланысқан екі бөліктен құралған. Әр бөлігінде 2-ден тозаң ұясы бар. Тозаңқапта мындаған тозаң түйіршіктері түзіледі, пісіп жетілгенде тозандары сыртқа шашылады.

Тозаң – сыртқы және ішкі қабықшасы бар жасуша, пішіндері де алуан түрлі. Тозандар сырттай қарағанда ұнтақ тәрізді. Әрбір тозаңның сыртында ұшқір өсінділер, майда тікенектер, бұртиған төмпешіктер болады. Атқаратын қызметтіне қарай сыртқы қабықшасы

калыңдап өзгереді. Сыртқы қабықшасында тозаң тұтігінің өнуіне қажет көптеген тесіктері болады. Тозаңның құрамында май, қант, минералды тұздар, нәруыз, витаминдер бар.

Аналық – гүлдің жеміс түзуге қатысадын негізгі бөлімі гүлдің дәл ортасына орналасады. Аналықтың ұшын – **ауыз**, ортаңғы жіңішкерген жерін **мойын**, түп жағындағы жуандаган жерін **жатын** дейді.

Аналық аузы өсімдік түріне қарай түрліше (домалақ үлпекті, қостелімді, көптелімді, жұлдызша және т.б.) болып келеді. Аналық аузынан жабысқақ сұйықтық бөлуі, тозаңның аналық аузына түсіп, тез өнуіне жағдай туғызады.

Аналықтың мойыны аузы мен жатынын жалғастырып, басқа бөлімдерінен жоғары биіктеп тұрады. Негұрлым аналық күлтеден озынқы тұрса, соғұрлым жеңіл тозаңданады. Мойыны болмайтын аналық көкнәр, қызғалдақ және т.б.

Жатын (түйін) – аналықтың ең негізгі бөлігі бір және көп ұялы. Жатынның ішінде бір (бидайда) немесе бірнеше мындаған (көкнәр) тұқымбүршігі бар. Тұқымбүршігі жатында дамитындықтан, жатын қабыргасына бекінеді. Жатынның сыртын екі қабат қабықша (жамылғы) қаптайды. Қабықшасының түйіскең жерінде тесігі бар. Одан тозаң тұтігі тұқымбүршігіне енеді. Тұқымбүршігінің ішіндегі ұрық қалтасында жұмыртқажасуша (аналық жыныс жасуша) болады. Сондықтан ұрықтану аналықтың ішінде жүреді. Әрбір аналық өзара бірігіп кеткен бір немесе бірнеше жемісжапырақшаларынан түзіледі.

Жабық тұқымды өсімдіктердің тұқымдастарын қарастырғанда олардың гүлдерінің құрылыштарына ерекше мән беріледі. Гүлдің бөліктерін мынадай шартты таңбалармен: тостағаншасын – Со, күлтесін – Са, атальғын – А, аналығын – G (жатын) әріптерімен белгілейді. Гүлдің әрбір мүшелерінің санын цифrlармен береді. Бірімен-бірі бірігіп кеткен тостағанша жапырақша – (5), жақшага алынады. Бірікпеген күлте жақшасыз – 5. Біріккен күлте саны тостағаншадағыдай, жақшага алынады. Гүлдің барлық бөлімдерінің біріккен түрлері түгелдей жақшага алынып беріледі. Егер гүл жай гүлсерікті болса (тостағанша немесе күлтенің біреуі ғана болса) Р – гүлсерік деп белгілейді. Немесе тек «Са» (култе) белгісі қойылады. Мысалы, 5 мүшелі бір-бірімен бірікпей жеке тұрған тостағаншаны – Со₅, біріккен 5 мүшелі күлтені – Са₍₅₎, атальғтары 12-ден көп болса, шексіздік белгісімен – А_∞, екі біріккен аналықты – G₍₂₎ таңбаларымен және цифrlармен белгілейді.

Гүлдің формуласын жазғанда жатынның гүл табанына орналасуын сыйықшамен (–) белгілейді. Сыйықша аналықтың санын көрсететін цифрдың (үстінгі жатын), астына ортаңғы деңгейіне (ортаңғы жатын) үстіне (астыңғы жатын) қойылады.

Аналықтың түп жағындағы жуан бөлімін **жатын** дейді. Енді үстінгі, ортаңғы және астыңғы жатын дегенді талдайық. Егер аналық гүл табанының жалпақ бетіне орналасса, ол – **үстінгі жатын**. Аналық гүлтабанының ортаңғы бөліміне дейін батыңқырай орналасса – ортаңғы жатын. Аналық гүлтабанына бойлай терең орналасса, **астыңғы жатын** делинеді.

Өсімдік түріне қарай, жеміс серігінің құрылышы түрліше болады. Жеміс серігі – экзокарпий, эндокарпий және мезокарпий деп аталағын үш түрлі қабаттан тұрады. Бұлар өсіреле етті жемістерде (мысалы: шие, өрік, шабдал және алхоры және басқаларында) айқын көрінеді. Экзокарпий – жеміс серігінің ең сыртын қаптап жатқан бөлімі. Бұл кейбір өсімдік жемісінде түрліше түсті, жылтыр, балауыз жұғыны бар (шомырт, алхоры, жұзім т.б.), ал кейбіреулерінде түкті де (шабдалы) болады. Эндокарпий – жеміс серігінің ішкі қабаты. Бұл да өсімдіктің түріне қарай әр қылы болады. Ол кейбір өсімдікте қатайып, сүйекке айналып кетеді (өрік, шие, алхоры т.б.), қайсыбірінде жұп-жұқа ғана үлпек болып қалады (бүршак тұқымдастардың жемісінде). Мезокарпий – экзокарпий мен эндокарпийдің екі арасында орналасқан жеміс серігінің негізгі бөлімі. Бұл кейбір өсімдік жемісінде онша жақсы жетілмейді, жұқа ғана қабатқа айналып қалады(бүршак тұқымдылардың жемісінің ортаңғы қабаты), кейбір өсімдікте жақсы жетіледі, ет женді және шырынды болады (өрік, шабдалы, алхоры, шие т.б.). Мұндай жемістерді көбінесе

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 17 беті

сүйекті жеміс, немесе етті жеміс деп атайды.

Жеміс серігінің осы көрсетілген үш түрлі қабатының әр қылы болып келген қасиеттеріне – қаттылығына, жұмсақтығына құрғақтығына, шырындылығына қарай барлық жабық тұқымды өсімдіктердің жемістерін шырынды жеміс және құрғақ жеміс деп екі топқа айырады.

Тұқым әдетте, ұрық қалтасындағы аналық жұмыртқа мен аталық жыныс клетканың ұрықтануынан кейін тұқым бүрінен өсіп шығады. Тұқымның ішкі бөліміне ұрық (келешек өсімдіктің бастамасы) және оның дамуының алғашқы кезінде қоректенуіне керекті қор заттары жиналған.

Көр затының жиналатын орнына қарай тұқым негізінен үш түрлі болады:

1. Эндоспермді тұқым қоректік заттарын өзінің эндосперміне жинаиды. Бұған арпа, бидай және т.б. дәнді дақылдардың тұқымдары жатады.

2. Эндоспермсіз тұқым қоректік заттар қорын өзінің тұқым жарнағына жинаиды. Эндоспермсіз тұқымға қебінесе бүршақтың, үрмебүршақтың, лобияның және басқа қос жарнақты өсімдіктердің тұқымдары жатады.

3. Периспермді тұқым қоректік заттар қорын тұқым бүршігінің нүцеллусіне жинаиды.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Әдебиет:

негізі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҰР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 р
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 р.

қосымша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:окулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., АманбжоваД.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М.

ОНДҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 18 беті

И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL:
<https://www.iprbookshop.ru/20655>.

7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL:
<https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Гүлдің құрылышы
2. Ассиметриялы және зигоморфты
3. Циклді гүлдер
4. Гүлдің формуласы
5. Гүл бөліктерінің символдары

№ 7 ДӘРІС

1. Тақырыбы: Төменгі сатыдағы өсімдіктер

2. Мақсаты: Бактериялардың және балдырлардың құрылышын және көбеюін, дамудағы негізгі заңдылықтарын оқып үйрену. Жасушалардың пішінін, құрылышын, көбеюін, таралуын, маңызын, биологиялық ерекшеліктерін, табиғаттағы, адам өмірінде, фармациядағы маңызын оқып үйрену. Алған білімдерді тәжірибеде қорытындылау.

3. Дәріс тезистері:

1. Бактериялар.
2. Көк-жасыл, қоңыр және жасыл балдырлар.
3. Жасушалардың пішіні, құрылышы, көбеюі, таралуы, маңызы, биологиялық ерекшеліктері.
4. Табиғаттағы, адам өмірінде, фармациядағы маңызы.

Бактерия - бір жасушалы организм, қөбісі таяқша пішінді болып келеді. Бактерия негізінен түссіз тек кейбіреулерінде ғана аздап бояғыш заттар кездеседі. Фотосинтез құбылысы жүретін көк-жасыл қызыл түсті өкілдерін цианобактериялар деп атайды; ядролы, митахондриясы, пластидтері қалыптаспаған өте кішкентай біржасушалы организмдер. Бактериялар – ядролы, микроскопиялық бір клеткалы организмдер (құрылымның прокариоттық типі). Бактериялардың тұқым қуалау материялы (нуклеоид) цитоплазмада орналасқан сақина тәрізді нуклеин қышқылымен (ДНК) берілген. Бактериялардың нуклеин қышқылындағы гендердің саны адам клеткасындағыдан 500 есе аз.

Бактерия клеткасы жарғақшамен қоршалған. Оның ішінде сілемейлі капсуланы, клеткалық қабықшаны, және цитоплазмалық жарғақшаны керуге болады. Клеткалық қабықша муреиннен тұрады. Клеткалық қабықшалардың бояғыштармен бояу қабілетіне қарай грамм – оң және грамм теріс деп ажыратады (бул әдіс зат ғалымы Грамм ұсынған). Грамм оң бактериялардың муреин қабақшасына басқа заттардың – полисахароид және ақызыздардың молекулалары ендірілген, ал грамм теріс бактерияларда клеткаларының қабықшаларына ерекше касиет беретін муреин ұстінде липидтер қабаты (майтәріздес заттар) орналасқан. Кейбір бактериялардың плазмалық жарғақшасы клетканың ішіне майысып, фотосинтезben тыныс алуда қатысатын ферменттердің негіздерін құрайды. Бактериялардың цитоплазмасында клетка органоидтарынан тек рибосомалар ғана бар. Эукариот клеткаларына тән органоидтар (ядро, митохондриялар, пластидтер, Гольджи аппараты) бактерияларда болмайды.

Клеткалар бірігу ерекшеліктерінің түрлері жағынан бірнеше топқа бөлінеді: шартәріздес – коктар, жұп байланысқан коктар – диплококктар, жіп тәріздес стрептококктар, жұзім шофы тәріздес – стафиллококктар, жіп тәрізді – таяқшалар мен бациллалар, спиральды іірілген – спириллалар, ұзын, қатты иреленген-спирохеттер. Кейбір бактерияларда қозғалыс органоидтары талшықтары болады.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттің 19 беті

Жер жүзіне кең тараған тәменгі сатыдағы өсімдіктердің бір тобы – балдырлар. Олардың 40 мыңнан астам түрі бар. Бұлардың барлығына ортақ белгі – қосымша пигменттерден басқа жасыл пигмент – хлорофилдің болуы; басым көпшілігінің тіршілік ортасы су – біртекті болуына байланысты, олардың құрылышы жоғары сатыдағымен салыстырғанда қарапайымдау келеді. Балдырлардың бір жасушалы, жасушаланбаған, колониялы, көп жасушалы түрлері бар. Олардың денесінде жіктелген арнаулы мүшелері жоқ, солардың орнына тек талломдары ғана болады.

Балдырлардың жасуша құрылышы. Көк-жасыл және монада құрылышты балдарлардан басқаларының басым көпшілігінде ересек кезіндегі вегетативтік жасушаларының құрылышы басқа өсімдіктердің біркелкі келеді. Жасуша сыртын пектин не целлюлоза қабықшасы қаптап жатады. Көпшілігінде жасуша қабықшасы тұтас болады, ал диатомды және әр түрлі талшықты балдырлар мен десмидиялы балдырларда жасуша қабықшасы екі жартыдан тұрады. Біраз балдырларда өмір бойы немесе тіршіліктің белгілі бір кезденінде жасушасының сырты кілегейленіп жатады. Кілегей жасуша қабақшасының сыртқа қабатының өзгеруінен немесе оның ерекше ұсақ тесіктері – поралары арқылы протоплазманың сыртқа шығуынан түзіледі. Ол жасушаны құрғап қалудан, сырттан болатын зақамнан және эпифиттердің қоныстануынан қорғайды. Біраз балдырлардың жасуша қабықшасының құрамында кремнезем, көмір қышқыл кальций, кейде темір тотығының тұздары болады.

Көбею. Бір жасушалы балдырлата вегетативтік жолмен жасушаның жай бөлінуі арқылы, колониялы формалары колонияның ыдырауы немесе аналық жасушаның ішінде жана колонияның түзілуі арқылы көбейеді. Жіп тәрізді формалары жіптің бөлшектерге бөлінуі, ал кейбір хара тәрізді балдырларда ерекше түйнектердің пайда болуы арқылы көбейеді.

Жыныссыз көбею балдырларда өте көп тараған және ол аналық клеткада пайда болған споралар арқылы көбейеді.

Жынысты көбею кейбір тәменгі сатыдағы балдырлarda (вольвокстер) екі особь бүтіндей қосылады. Бұл жынысты көбею процесінің ең қарапайым түрін хологамия дейді. Көпшілік балдырларда жынысты жолмен көбею процесі екі жыныс жасушаларының қосылуы арқылы жүреді, соның нәтижесінде бір жасушалы зигота түзеді. Мұнда хологамия сияқты екі гаметаның ядросы және протоплазмалары қосылып, жасушадағы хромосома саны екі есе көбейеді. Гаметалардың морфологиялық айырмашылықтарына қарай жыныс процесінің 3 түрі болады.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізгі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҮР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 p
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 p.

қосымша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] :

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 20 беті

руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбожовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.
1. Төменгі сатыдағы өсімдіктер мен жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің негізгі айырмашылықтарын ата
2. Балдырлардың бөлімдерін ата
3. Балдырлардың көбеюін түсіндір
4. Көк-жасыл балдырлардың құрылышындағы ерекшеліктері
5. Коныр балдырлардың жыныссыз және жыныстық көбею жолдары.

№8 ДӘРІС

1. **Тақырыбы:** Өсімдіктер систематикасы.Саңырауқұлақтар және қыналар
2. **Мақсаты:** Төменгі және жоғарғы қатардағы саңырауқұлақтардың, қыналардың көбеюін, коректену әдістері мен құрылышын оқып үйрену. Дамуындағы негізгі занждылықтар. Вегетативті және жемісті денелердің жасушаларының құрылышын, жемісті дene эволюциясын, көбею тәсілдерін оқып үйрену. Тәжірибеде алған білімдерін қайталап бекіту.
3. **Дәріс тезистері:**

1. Төменгі және жоғарғы саңырауқұлақтар.
2. Қыналар.
3. Вегетативті және жемісті денелердің жасушаларының құрылышы.
4. Көбеюі, таралуы, маңызы, биологиялық ерекшеліктері;
5. Табигаттағы, адам өмірінде, фармациядағы маңызы.

Саңырауқұлақтар – төменгі сатыдағы өсімдіктердің ішіндегі ең көп тарағаны, олардың 100,000 түрі кездеседі. Басқа өсімдіктер типтерінен басты айырмашылықтары пластидтері хлорофилі болмайды. Бұлар дайын органикалық заттармен қоректенуге бейімделген гетеротрофты өсімдіктер. Сонымен қатар, саңырауқұлақтардың басым көпшілігі құрлықта ерекше тез өсіп көбейетіндіктен, табигатта аса көп тараған.

Көпшілік саңырауқұлақтардың вегетативтік денесі тарамдалып матасқан гифалардан (жіңішке жіппшелерден) тұрады. Бұлар бір- бімен матасып грибница немесе мицелий деп аталағын саңырауқұлақтың денесін құрайды. Гифалардың жуандығы 1-ден 10 кейде 20

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 21 беті

микронға дейін барады. Санырауқұлақтардың көбісінің мицелийлері субстраттың ішінде жатады. Субстраттың бетінде жемісті мицелийлері субстраттың ішінде жатады. Субстраттың бетінде жемісті денелері немесе спора тасушы органдары орналасады. Олардың пішіндері шар тәрізді, тага, қабық сиякты, калпақты түбірге ұқсас және басқаша түрлі болып та келеді. Гифалар тәбе жасушалары арқылы ұзарып өседі және монопольды бұтақтанады. Бүйірлік мицелий негізгі мицелийлерге ұқсайды. Тек паразит санырауқұлақтардың көбісі иесінің жасушасының ішіне еніп жататын бүйірлік мицелийлері әрі қарай өспей, жасуша ішінде шар, алмұрт немесе тарамдалған гаусторияға айналады, сөйтіп иесінің жасушасындағы қоректік заттарды сорып, тіршілік етеді. Төменгі сатыдағы санырауқұлақтардың кейбіреулерінде мицелий болмайды вегетативтік денесі жалаңаш не қабықшасы бар протоплазмадан түрады. Мұндай санырауқұлақтардың жасушаларынан тарамдалған, өте жіңішке, ядросы жоқ қысқа жіппелер өседі, оны ризомицелий деп атайды. Ол мицелийдің алғашқы нышаны болып есептеледі. Фикомицеттергде нағыз мицелий көлденең переделерге бөлінбеген, яғни жасушалы құрылышы жоқ, көп ядролы сыртқы пішіні жағынан сифонды балдырларға ұқсас. Жоғарғы сатыдағы санырауқұлақтардың мицелийлері – көлденең переделерге бөлінген, көп жасушалы. Олардың переделерінде жасушаларды бір-бірімен байланыстырып тұратын өте ұсақ поралары болады.

Санырауқұлақтардың көбісінің жасуша қабығы құрамында насекомдар қабықтарының хитиніне ұқсас, хитин заты және полисахаридтер болады. Оомицеттерге жататын азадаған санырауқұлақтардың жасуша қабықшасында целлюлоза ұшырайды, санырауқұлақтардың жасушасы протоплазмадан бір, екі, кейде бірнеше ядродан вакуолядан түрады. Төменгі сатыдағы санырауқұлақтардың мицелийлері көп ядролы, ал жоғарғы сатыдағылардікі бір, екі, кейде оларда көп ядролы болады.

Санырауқұлақтар да вегетативтік, жыныссыз және жынысты жолдармен көбейеді. Жоғары сатыдағы санырауқұлақтардың көбісі жеке гематаларға бөлінбеген, сыртқы құрылышы жағынан әр түрлі жыныс органдарының бір-біріне құйылу арқылы жынысты жолмен көбейеді.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізгі:

1. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: оқулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНҰР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 р
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 р.

қосымша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:окулық / қазақтіл. ауд. М. Б.

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Онтыстик Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 22 беті

- Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Ботаника: руководство к практическим занятиям [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
 - Зайчикова, С. Г. Ботаника [Электронный ресурс]: оқулық / қазақтіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
 - Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбожовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
 - Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Оқулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
 - Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
 - Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

- Саңырауқұлактар денесінің құрылышы
- Саңырауқұлактардың жыныссыз және жыныстық көбеюінің жолдары
- Тәменгі сатыдағы және жоғарғы сатыдағы саңырауқұлактарда жыныстық көбеюдің формалары
- Тәменгі сатыдағы және жоғары сатыдағы саңырауқұлактардың өмірлік циклы
- Қыналар және олардың түрлері

№ 9 ДӘРІС

1. Тақырыбы: Жоғарғы споралы өсімдіктер. Тұқымды өсімдіктер. Ашық тұқымдылар бөлімі.

2. Мақсаты: Мұктәрізділер және плаунтәрізділердің, қырықбуындар және папоротниктәрізділердің құрылыштарының негізгі ерекшеліктері мен көбеюін оқып үйрену. Олардың адам өмірінде, табигаттағы, фармациядағы және медицинадағы маңыздылығын білу. Жалаң тұқымды және қабықша тұқымдылардың құрылышын, көбеюін, өмірлік циклінің ерекшеліктерін, жіктелуін оқып үйрену. Алынған білімдерді тәжірибеде қолданып, дағдылармен бекіту.

3. Дәріс тезистері:

- Мұктәрізділер және плаунтәрізділер бөлімі.
- Қырықбуындар және папоротниктәрізділер бөлімі.
- Жіктелуі, құрылышы, көбею.
- Жалаң тұқымды және қабықша тұқымдылар бөлімі.
- Классификациясы, құрылышы, көбеюі
- Қарағайлар және эфедра тұқымdasы
- Табигаттағы, фармациядағы және медицинадағы маңызы.

Мұктер – хлоропластары жақсы дамыған автотрофты организмдер. Олардың үлкендігі онша емес: олар ешуақыттада 20-30 см артпайды, ал әдетте олардың биіктігі 5-тен-15 см арасында болады. Кейбір мұктедің, мысалы маршанцияның (*Marchantia polymorpha*) вегетациялық мүшелері жіктелмеген, ал денесі жалпақ, қалақты формалы қабаттардан құралады, жерге ризоидтерінің көмегімен (бір жасушалы тұқтерінің көмегімен) жабысып тұрады. Шымтезектік мұктін (*Sphagnum*) сабағы және ұсақ жапырақтары болады, нағыз жапырақты сабақты мұктедің мысалы, сабақты мұктін (*Sphagnum*) сабағы және ұсақ

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Онтыстик Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 23 беті

жапырақтары болады, нағыз – жапырақты –сабакты мүктердің мысалы сабакты мүктің (*Polytrichum commune*) тәменгі ұшында ризоидтері бар жақсы жапырақтанған сабагы болады. Мүктердің тамыры өсіп дамыйды.

Мүктер ылғалдың мол болуы жағдайында тіршілік етуге бейімделген. Олар көбінесе батпақтарда, сулы шалғындықтарда, орманның қалың қоленкелі жерінде өседі, ал кейде құрғақтау жерді, мысалы тасты, ағаштың қабығын және құрғақ шалғындықты мекендейтін болса, онда өздерінің өсуі ұшін жаңбырлы кездердің ылғалын пайдаланады. Жалпы алғанда, мүктер, қыналар сияқты, құрғашылықта төзімді келеді анабиоз (жасырын тіршілік) күйіне түскендей болады.

Плаун тәрізділерге әдетте біздің қылқанды ормандар мен аралас ормандарда өсетін өсімдіктер – шокпарбас плаун (*Lycopodium clavatum L.*) жатады. Ол дымқыл жерде өседі және ұзын (1 метрге дейін) өрмелегіш, дихотомиялық бұтақтанған мәңгі жасыл болып тұратын олардың сабактары болады, үстін қалың, өткір ұшты отырмалы жапырақтар жауып тұрады. Сабактан дихотомиялық бұтақтанған қосалқы тамырлар да тарайды. Кейбір тік өсетін бұтақшалардың ұшы әдетте ұзынша екі споралы масақшалармен біtedі, олардың қойындарында кең спора жапырақ қапшықшалары – спорагийлер болады, бұларда сансыз көп сары споралар пісіп жетіледі. Споралардан, диаметрі болғаны 2-3 мм келетін, ескін өсіп шығады, олар сапрофитті түйнек тәрізді түссіз денеше болып топырақ арасында өте баяу өсіп дамыйды. Осы байқауға өте қыын ескіндерде антеридийлер мен архегонийлер болады. Аналық ұрық жасушалар қозғалғыш сперматозоидтармен ұрықтанғаннан кейін, зиготадан ұрық өсіп шығады, бұл жер бетіне тесіп шығып, көгереді және жаңа өсімдікке айналады. Спораның өне бастау кезінен бастап жаңа споралар құралғанға дейін көп жылдар өтеді. Плаундар вегетациялық жолмен де көбейеді, сабак тамырланатын бөліктерге оңай бөлінеді. Плаун тәрізділерге Кавказда, Забайкальеде және басқа жерлердегі ормандарда жиі кездесетін селагилла (*Selaginella*) жатады; оларды көбіне оранжереяларда өсіру жиі кездеседі.

Қырыққұлақ тұқымдас өсімдіктердің тропиктік түрлері Австралияда, Жаңа Зеландияда, Бразилияда, климаты ылғалды және ыстық басқа өлкелерде қазіргі дәуірде қаулап өседі және ағаштардың биіктігіне жетеді. Мұндай қырыққұлақтар бізде ботаникалық бақтардың оранжереяларында көріктілік және ғылыми мақсатпен өсіріледі.

Қазіргі кездегі **қырыққұлақ тәрізділердің** адамға келтіретін пайдасы шамалы. Усасыр деп аталатын кәдімгі қырыққұлақтың көгентамыры медицинада, ішек құрттарына қарсы дәрі ретінде пайдаланылады. Плаунның «плаун тұқымдары» деп аталатын споралары дененің жара түсken жеріне себу ұшін және пилольдерді сақтау ұшін порошок ретінде қолданылады; оларды ауыр өнеркәсіпте шойын қорыту ісінде де пайдаланады. Жаңа Зеландияда орляқ қырыққұлақтың көгентамыры тамаққа жұмсалады. Қырықбуынның ішінде кремнеземі көп сабактар, заттарды жылттырату ісінде жезден жасалған бүйімдарды тазалау ұшін пайдаланады.

Қырыққұлақ тәрізділер де мүктер сияқты, жапырақ-сабакты архегонийлік жоғары сатылы өсімдіктерге жатады. Олар: 1) плаун тәрізділер (*Lycopida*), 2) сына жапырақшалы (*Sphenopsida*), 3) қырыққұлақ тәрізділер (*Pteropsida*) болып дербес үш класқа бөлінеді.

Сына жапырақтылар класына қырықбуындар жатады. Жер асты көгентамырлары бар және құнарсыз топыраққа өсетін арамшөп у қырықбуынды (*Equisetum arvense L.*) зерттеп көрелік. Қырықбуынның көгентамырларында қосалқы тамырлар және коректік заттардың қоры бар түйнектер дамыйды. Демек, плаундар сияқты, қырықбуындар да көпжылдық өсімдік болып табылады. Басқа қырықбуындардан ормандық қырықбуын (*Equisetum silvaticum*) мен шалғындық қырықбуын (*E. Pratense*) жиі кездеседі, бұларда споралар түсіп қалғаннан кейін, жасыл бұтақтар дамытатын споралық өркендер, сол сияқты жыныссыз жасыл бұтақты өркендер құралады. Қырықбуындардың басқа түрлерінен, мысалы,

шалғындық арамшөптердің биіктігі 80 см дейін жететін, батпақ қырықбуыны (E. Palustre) мен су қырықбуынының (E. Limosum) жоғарғы жасыл өркендерінің ұштарында спорангийлері болады.

Кәдімгі усасыр, яки аталық қырыққұлақ (Dryopteris filix mas Schott.) біздің ормандарға ең көп таралған қырыққұлақ; оның дегелекке жиналған ұзын (1,5 м дейін) жасыл, екі қауырсын – жармалы жапырақтары болады. Жапырақтары күздігүні түсіп қалады, ал көктемде көгентамырдың ұшынан жаңа өсіп шығады. Іші жұмсақ етке толы, сырты жапырақ қалдықтары мен жемшіліктерінде көзінде олар спираль түрінде шыйыршақталып тұрады және оларды өздерін кебуден корғайтын көптеген құргақ қабыршақтар жауып тұрады.

Қырыққұлақ жапырақтарының құрылышында өзіне тән біраз өзгешелік болады. Біріншіден, жас кезінде олар спираль түрінде шыйыршақталып тұрады және оларды өздерін кебуден корғайтын көптеген құргақ қабыршақтар жауып тұрады.

Қырықбуын (лат. *Equisétum*) — қырықбуындар тұқымдасына жататын мәнгі жасыл, көп жылдық шөптесін өсімдіктердің тұқымдас тармағы. Олар өзен жағалауларында, орманда, қалың бұта арасында, ылғалы мол жерлерде өседі. Қазақстанның аса құнды жем-шөптік (Бұтақты қырықбуын — лат. *E. zamosissimum*; Тенбіл қырықбуын — лат. *E. variegatum*; Қыстық қырықбуын — лат. *E. hiemale*) және жайылымдар мен егіс алқаптарында өсетін арам шөп ретінде (Далалық қырықбуын лат. *E. arvense*) кездесетін түрлері де бар. Ал олардың арасында улы түрлерінің бірі - Батпақ қырықбуыны (лат. *E. palustre*). Тамырлары бұтақталып, өте жақсы дамыған. Сабактары бунакты, көбіне топтасып бұтақтанады, буындарында түтікке біріккен қара түсті жапырақтың қынапшалары орналасқан. Олардың ирек ұштарында ак түсті жолақтары болады. Олар жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатады. Сабактың сыртын бір қабат эпидермис жауып тұрады. Спора түзетін сабактары біршама жуан, түсі қоңырлау, хлорофилсіз, бұтақталмаған. Биікт. 15 — 30 см. Олардың буындарында 8 — 9 иректелген тістері бар, түтік тәрізді қынапшалармен жабылып тұрады. Спора түзетін масактары сабактың ұштарында жетіледі. Шар тәрізді споралары пісіп жетілгенен кейін сабағы солып қалады.

«Жалаң тұқымдар» деген ат, бұған жататын өсімдіктер тұқымынан өсіп-өнетінін және олардың тұқымы жатын қабырғаларымен қорғалмай, ашық отыратынын көрсетеді. Тұқымдары макроспора жапырақшалардың түбінде тұратын дәнектен өсіп дамиды.

Тозандандыруды әдетте тозаң түйіршіктерінің көмегімен жел іске асырады, түйіршіктер бір үлкен жасушадан және тозаң түйіршігінің ішінде тұратын нашакр дамыған өскіннен тұрады. Ұрықтанған кезде тозандық түтікше құралады, тозандандыратын элементтер осының ішімен қозгалады. Аналық өскіннің эндоспермасы болады және қашан болсын ұрықтанғанға дейін құралады. Эндоспермінің ұрық жасушасы бар архегонийлері болады. Өйткені жалаң тұқымдарда жатын болмайды, сондықтан жеміс құралмайды. Жалаң тұқымдылардың бүршіктер деп аталағындары қысқарған өркендер болып келеді, бұларда терілі қабыршақтың аржағында (түрін өзгертуден жапырақтар) тұқымдар отырады.

Ірі жапырақтары бар жалаң тұқымдарға тұқымды қырыққұлақтар (*Pteridospermae*), бенетиттер (*Benettitales*), саговниктер (*Cycadales*) класы жатады. Ұсақ қарапайым немесе ине тәрізді жапырақтары бар жалаң тұқымдыларға корданттердің (*Cordaitales*), гинкголардың (*Ginkgoales*), қылқандылардың (*Coniferales*), гнетовтылардың (*Gnetales*) кластары жатады.

Құрып біткен тұқымды қырыққұлақтар саговниктер мен бенетиттерге бастама берген. Саговниктер тропиктік климатта өседі және оларды оранжереяларда өсіреді. Саговниктің (*Cycas revoluta*) діңі 6 метрге жетеді, діңі әр 1-2 жылдан соң түсіп отыратын, ұзын, қатты, қауырсынды қошқыл жасыл жапырақтардың дегелегімен аяқталады. Жуан діңінде жапырақ түптерінің қалдықтары – қабыршақтар қалады. Діңнің өзегінен саго алынады.

Қарагай бір үйлі өсімдік. Қарагайдың жас бұтақтарының ұшында көктемде аталық гүлдер

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 25 беті

құралған кезде, тағы да қызығылт кішкене бүршікшелер құралады, бұлар аналық «гүлдердің» жинағы болып табылады. Бүршікше қысқа сабакқа жабысып, өскен екі текті қабықшықтардан: шырындылау – тұқымдық және құрғақтау – жапқыш қабыршақтан құралады. Тұқымдық қабыршақтар жапқыш қабыршақтардың қолтығында отырады және өздерінің түбінде екі кішкене дәнегі – макроспорангийлері болады.

4. Иллюстрациялық материал: слайд, презентация

5. Эдебиет:

негізі:

1. Ботаника: окулық / Б. Қ. Махатов [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2014. - 424 бет.
2. Ботаника: окулық / Б. Қ. Махатов [ж. б.]. - Шымкент :Б. ж., 2013. - 424 бет
3. Айдарбаева, Д. К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование: учебное пособие. - 2-е изд. - Караганда: АҚНУР, 2019. - 194 с.
4. Abisheva, M. B. Plant anatomy and morphology: manual book / M. B. Abisheva, G. B. Kylyshbaeva. - Almaty : "Evero" , 2017. - 156 р
5. Botany: textbook / S. K. Imanrulova [fndetc]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 280 р.

қосынша:

1. Анцышкина, А. М. Ботаника: руководство по учебной практике. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. фармац. образ. вузов России. - М. : МИА, 2013. - 136 с. : ил.
2. Ботаника. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие /под ред. Е. И. Барабанова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 304 с.
3. Определитель сосудистых растений Баянаульского национального парка [Текст] : руководство / А. Н. Куприянов [и др.] ; отв. ред. А. Л. Эбель. - Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2013. - 216 с. : ил.

Электронды ресурстар:

1. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]:окулық / қазактіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Ботаника: руководство к практическим занятиям [[Электронный ресурс](#)] : учебное пособие / под ред. Е. И. Барабанова. - Электрон. текстовые дан. (48.8Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Зайчикова, С. Г. Ботаника [[Электронный ресурс](#)]: окулық / қазактіл. ауд. М. Б. Байгалиева. - Электрон. текстовые дан. (143Мб). - М. :ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 304 б.
4. Ботаника.Иманкулова С.К., Шалабаев К.И., Аманбжовад.М. , 2016 ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1708>
5. Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова Қ.Қ., Тоқсанбаева Ж.С., Қадишаева Ж.А. Ботаника: Окулық - Эверо Алматы, 2020.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/808/
6. Демина, М. И. Ботаника (органография и размножение растений) : учебное пособие / М. И. Демина, А. В. Соловьев, Н. В. Чечеткина. — Москва : URL: <https://www.iprbookshop.ru/20655>.
7. Павлова, М. Е. Ботаника : конспект лекций. Учебное пособие / М. Е. Павлова. — Москва : Российский университет дружбы народов, 2013. — 256 с. URL: <https://www.iprbookshop.ru/22163>.

6. Бақылау сұрақтары:

1. Мұк тәрізділердің құрылышы мен өмірлік циклінің қандай ерекшеліктері олардың балдыларға туыстық жақындығын көрсет
2. Шымтезек мүктерінің құрылышындағы қарапайымдылықтың белгілері
3. Әртүрлі споралы папоротниктердің спорофиті мен гаметофитінің құрылышының ерекшеліктері

ОНТҮСТИК ҚАЗАКОСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/33 -19- () 37 беттін 26 беті

4. Плаун тәрізділердің спорофиті мен гаметофитінің құрылыштарының негізгі ерекшеліктері.

5. Түрегіш басты плаунның өмірлік циклінде спорофиті мен гаметофитінің ара салмағы

№ 10 ДӘРІС

- 1. Тақырыбы:** Лаврлар, сарғалдақтар, беріқарақаттар тұқымдасы. Раушандар тұқымдасы
- 2. Мақсаты:** Лаврлар, сарғалдақтар, беріқарақаттар, раушандар тұқымдасына жататын өкілдердің құрылышын, көбеюін, өмірлік циклінің ерекшеліктерін, жіктелуін оқып үйрену. Алынған білімдерді тәжірибеде қолданып, дағдылармен бекіту.

3. Дәріс тезистері:

1. Өсімдіктің систематикасы: бөлімі, класы, қатары, тұқымдасы, туысы, түрі.
2. Морфологиялық сипаттамасы: тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі, жемісі, тұқымы.
3. Шикізаты. Микроскопиясы.
4. Қолданылуы.

Лавр тұқымдасы — мәнгі жасыл, қос жарнақты өсімдік. Жемісі сүйекті. Тропикте, субтропикте, климаты қоныржай өнірде таралған 40—50 туысы, 200-ден астам түрі белілі. Лавр тұқымдасының жапырағы дәмі үшін асқа салынады. Діңінен, жапырағынан эфир майы, камфораалынады, дәрі жасалынады; парфюмерияда, кондитер, тамақ өнеркәсібінде қолданылады. Кейбір түрінің (авокадо) жемісі жеуге жарамды, емдік қасиеті бар.

Сарғалдақтар тұқымдасы (*Ranunculaceae*) — қос жарнақтыларға жататын бір не көп жылдық шөптесін өсімдіктердің тұқымдасы. Кейде бұта және шырмауық түрінде де кездеседі. Жапырақтары бүтін жиекті не тілімденген, жапырақ серіктеп болмайды. Гүлі қос жынысты (сирек жағдайда дара жынысты) болады. Аталығы өте көп, гинецейі апокарпты (гүлдегі өзара тұтаспаған аналықтар жынытығы). Жемісі — көп тұқымды жапырақша немесе көп жанғақша. Тұқымы майлы. Көп жылдық Сарғалдақтар тұқымдасының құрамында алкалоид және глюкозид болғандықтан улы келеді. Сарғалдақтар тұқымдасының көпшілік түрі дәрілік өсімдіктер (жанаңғұл, бәрпі, т.б.); әсемдік үшін де өсіріледі (шөмісгүл, тегеуірінгүл, жібілген). Жер шарында кең тараған 50-ден астам туысы, 1200-ге жуық (кей мәліметтерде 2000) түрі негізінен қоныржай белдеулерде, салқын жерлерде және суда өседі. Қазақстанның барлық аймақтарында кездесетін 29 туысы, 185 түрі бар. Ішінде жиі кездесетіндері: сарғалдақ, бәрпі, тегеуірінгүл, жанаңғұл.

